

С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

- Кафедра: Фтизиопульмонология


- Тақырыбы: Біріншілік туберкулездің асқынуы

- Орындаған: Рахимкулов Н.А.
- Топ: 09-016-1
- Факультет: Жалпы медицина
- Тексерген: Алгазиева Г.Д.

- Алматы 2012ж

- Асқынулы ағымды алғаш рет М.П. Похитонова енгізді- бұл көршілес ағзаларға, өкпенің өзіндік тініне, жаңа топтармен қоса кеудеішілік лимфа түйіндеріндегі спецификалық үрдістің үдемелі жайылуы болып табылады.

Здоровые легкие



Легкие больного человека



Балалардағы біріншілік туберкулездің асқынулы ағымдардың себептері:

- Туберкулезге қарсы БЦЖ екпесінің жасалмауы. Акушерлік тәжірибеде вакцинация жасалуына қарсы көрсеткіштер болып саналатын, салмағы төмен балалар санының көбеюі, туу жарақаттары, туа пайда болған ақаулардың жиі кездесуі
- Ерте жастағы балалардың анатомия-физиологиялық ерекшеліктері: қорғаныс механизмдерінің толық жетілмеуі, ана иммунитетінің таусылуы мен жүре пайда болатын иммунитеттің болмауы
- Тығыз қарым-қатынас, әсіресе отбасындағы бактерия бөлуші туберкулездік науқаспен. Баланың үнемі жұқтырылған ортада болуы, суперинфекцияға жағдай тудырады, ал ол организмнің арнайы аллергизациясын жоғарылатып, асқынулы ағымдағы үрдіске әкеледі.


БТ асқынуларының түрлері:

- Бронх туберкулезі
- Бронх өткізгіштігінің бұзылысы
- Бронх-өкпелік зақымданулар
- Біріншілік кавернаның түзілуімен өкпе тінінің ыдырауы
- Бездік каверна
- Себінділер
- Серозиттер
- Казеозды пневмония

Созылмалы ағымдағы БТ

- Қолайсыз жағдайларда біріншілік туберкулез басқа ағзалардың үрдіске қосылумен толқын тәрізді ағымда өтуі мүмкін. Бұл өзгерістерді алғаш рет В.Т. Швайцер суреттеген 1923ж. Біріншілік туберкулездің созылмалы ағымын кеудеішілік, мезентериалды, шеткі лимфа түйіндеріндегі арнайы қабыну үдемелі түрде, кейде жаңа топтардың қосылуымен жүреді және олардың тұтас казеоздануына әкеледі. Үрдіс лимфа-гематогенді немесе бронхиалды жолмен таралады.

Клиникалық көрінісі:




- Әр түрлі болуы мүмкін: ол үрдіске қайсыбір ағзаның зақымдануына байланысты- бронхтар, өкпе, серозды қабық, сүйек жүйесі, тері және т.б. Аурудың негізгі белгілері болатыны- ұзақ ағым, айқын улану, тәбеттің төмендеуі, дене салмағының төмендеуі.

БТ түрлерінің диагностикасы

- Туберкулезге жоғары сезімталдық
- Өкпелік туберкулезі бар адаммен қарым қатынас
- Толық алынған мәлімет және оның зерттеулері
- Перкуссия
- Шеткі қандағы өзгерістер
- Кеуде қуысы ағзаларын сәулелік тексеру
- Туберкулез микобактерияларын анықтау
- Иммундық гинетикалық әдістер

Балалардағы БТ алдын алу



- Инфекция жұқтырудан балаларды сақтандыру үшін туберкулез ошағыеда келесі іш шаралар жүргізіледі:
- Ошақты сауықтандыру
- Ағымды және қорытынды дезинфекция
- Туберкулез ошағындағы балаларды оқшаулау
- Санитарлық-ағарту жұмыстары

- ◎ Арнайы алдын алу негізгі болып табылады, оның негізінде жасанды туберкулезге қарсы иммунитеттің дамуы. Фтизиатр дәрәгер барлық жаңа туылған нәрестелердің БЦЖ вакцинациясының жүргізілуін қадағалап оның сапасына баға беруі керек.



- Қатынаста болған, вираж, гиперергиялық реакция немесе Манту сынамасының ұлғаюымен балалардың тексеру нәтижесінде жергілікті өзгерістерді таппағанда, химиопрофилактика тағайындалады. Оның шипажайлық мекемелерде жүргізілуі қолайлы.
- Салауатты өмір салтын жүргізу-толық құнды тамақтану, дене шынықтыру, спортпен шұғылдану-инфекцияға төзімділікті жоғарылатады.